

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Тусупова Айгерим Руслановна

[aikka98@mail.ru](mailto:aikka98@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Утарбаева Гульнара Кыдыргалиевна

Кәсіпорынның инновациялық қызметіне кәсіпорын дамуының стратегиялық мақсаттары, сондай-ақ шаруашылық жүргізудің нарықтық тетігі, нормативтік-құқықтық және салықтық реттеу, ғылым мен инновация саласының жай-күйі арқылы елдің әлеуметтік экономикалық ортасы әсер етеді. Кәсіпорындардың инновациялық қызметі тиісті елдің ұлттық инновациялық жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Кәсіпорын үшін жаңашылдықтың қажеттілігі бүкіл әлеуметтік-экономикалық жүйенің күйімен де анықталады. Бұған инновацияның постиндустриалды елдердегі халықаралық тәжірибесі дәлел бола алады, олар инновацияға бейімділігі арқасында еңбек өнімділігінің артуын және халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз етті. Ел дамуының инновациялық жолы мемлекеттегі өндірісті, әлемдік бәсекеге қабілеттілігін, халықтың өмір сүру деңгейін, экономиканың тиімділікті, табиғи ортаның экологиялық жағдайы деңгейлерін көтеретін негізгі бағыт болып табылады.

Осыған сүйене отырып, инновациялық жүйенің қарқынды дамуы кезеңінде инновациялық менеджмент саласы микро деңгейлерде де (кәсіпорындарда), макро деңгейлерде де (мемлекеттік басқару) ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл мақалада шет елдердегі инновациялық дамуды басқару тәжірибесі қарастырылады.

Шет елдерде инновациялық қызметті қолдаудың мынадай нысандары бар:

- үкіметтік ұйымдар тақырыбы бойынша ҒЗТҚЖ орындайтын инновациялық өндірістерді қаржылық және техникалық қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары (АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Үндістан, Қытай және т.б.);
- жаңа өнімдер мен технологияларды әзірлеуге арналған шығыстардың 50%-н құрайтын (субсидиялар, қарыздар) тікелей қаржыландыру (АҚШ, Франция);
- несие беру, оның ішінде пайыз төлеусіз (Швеция);
- ғылыми-зерттеу әзірлемелеріне арналған нысаналы дотациялар (іс жүзінде барлық дамыған елдерде);
- ықтимал коммерциялық тәуекелді ескере отырып, инновацияларды енгізу қорларын құру (Англия, Германия, Франция, Швейцария, Нидерланды);
- тәуекелдерді төмендету және тәуекел шығындарын өтеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар (АҚШ, Жапония);
- жеке өнертапқыштар үшін мемлекеттік баж салығын төмендету және оларға салықтық жеңілдіктер беру (Австрия, Германия, АҚШ, Жапония);

- егер өнертабыс энергияны үнемдеуге қатысты болса, баж салығын төлеуді кейінге қалдыру немесе олардан босату (Австрия);
- зияткерлік меншікті және авторлық құқықты қорғауды заңнамалық қолдау (барлық дамыған елдерде);
- инновациялық кәсіпорындарға жан-жақты ғылыми, техникалық, қаржылық және өнеркәсіптік қолдау көрсететін қуатты мемлекеттік ұйымдарды (корпорациялар, агенттіктер) құру (АҚШ, Жапония, Үндістан, Қытай және басқа елдер) [1,2].

Мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру инновациялық қызметті басқарудың барабар нысандары мен әдістерін қолдануды талап етеді. Инновациялық белсенділікті ынталандыру мақсатында мемлекеттің өзара іс-қимылының әртүрлі әдістері қолданылады, олар тікелей және жанама болып бөлінуі мүмкін.

Төмендегі 1-кестеде шет елдердегі инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының тікелей және жанама әдістері көрсетілген.

Кесте 1. Әлемнің түрлі елдеріндегі инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шаралары

Шаралар	Ел
<b>Тікелей әдістер</b>	
Инновациялық кәсіпорындарды тікелей қаржыландыру (гранттар, жеңілдікті шарт негізінде қарыздар, қаржыландырудың өзге де бағдарламалары)	Ұлыбритания, Германия, Норвегия, Дания, Үндістан, ҚХР, АҚШ, Франция, Швеция
Инновациялық бағыттағы венчурлық кәсіпорындарды қаржылық қолдау	Германия, Греция, Норвегия, Швеция
<b>Жанама әдістер</b>	
Инновациялық кәсіпорындар үшін салықтық жеңілдіктер	Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Греция, Үндістан, Ирландия, Испания, ҚХР, Франция, Норвегия, Польша, Аустралия
Инновациялық қызметке қатысушыларды ақпараттық және әдістемелік қолдау	Ұлыбритания, АҚШ, Германия, ҚХР, Швеция
Технопарктер мен технологиялық инкубаторларды қолдау	Германия, Дания, Үндістан, ҚХР, Швеция
Шағын және орта бизнес деңгейінде инновациялық технологияларды қолдануды ынталандыру	Ұлыбритания, ҚХР, АҚШ, Франция
Өздерінің өнертабыстарын коммерциялық мақсатта пайдаланғаны үшін қосымша төлемдер жасау арқылы авторларға қолдау көрсету	Греция, Дания, ҚХР, Норвегия, Франция
Ескерту: автормен мәліметтер негізінде құрастырылған [3]	

Инновациялық саясат саласындағы әсер етудің жанама әдістеріне заңнамалық актілер де жатады. Мысалы, АҚШ-та шамамен 200 жыл бойы әрекет ететін Патенттік заң өнертапқыштардың зияткерлік меншікке құқықтарын заңды түрде бекітеді, бұл автордың инновациялық шешімге монополиясын білдіреді. Бұл жағдай өнертапқышқа, жер иеленушіге сияқты, "инновациялық рента" алуға, яғни оның өнертабысын пайдаланғаны үшін ақы алуға мүмкіндік береді.

Индустриалды дамыған елдерде инновациялық механизмде басқарушылық және ұйымдастырушылық аспектілер маңызды орын алады. Олардың көпшілігінде көп сатылы басқару жүзеге асырылады және инновациялық қатынастардың түрлі ұйымдық нысандары пайдаланылады.

АҚШ-та инновациялық процесті басқару жүйесі үш деңгейден тұрады: жоғары мемлекеттік, орта мемлекеттік немесе ведомстволық (салалық) және төменгі мемлекеттік немесе институционалдық. Жоғары мемлекеттік деңгейде: ғылым мен техниканың даму стратегиясы анықталады; ұлттық басымдықтарды таңдау және қалыптастыру бойынша шешімдер қабылданады; инновациялық әзірлемелер бағдарламаларын қаржыландыру және орындалуын бақылау жүзеге асырылады; инновациялық процесті ынталандыру бойынша заңнамалық шаралар қабылданады; ведомстволар арасында жауапкершілік бөлінеді. Жоғары мемлекеттік деңгей мүшесі мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың жалпы стратегиялық бағыттарын белгілеп, талқылайтын, оның мақсаттарын тұжырымдайтын, ұлттық басымдықтарды белгілейтін және бекітетін АҚШ Конгресі мен президенті болып табылады.

Орта мемлекеттік немесе ведомстволық деңгейде зерттеу салалары мен түрлері бойынша инновациялық үдерісті басқару, ұзақ мерзімді инновациялық бағдарламаларды қалыптастыру, конкурс негізінде орындаушыларды таңдау, үкімет атынан келісім-шарттар жасасу, олардың орындалуын жедел бақылау жүзеге асырылады. АҚШ-та осы деңгейдегі инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу органдары қорғаныс, энергетика, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы министрліктері, сондай-ақ іргелі зерттеулерге жетекшілік ететін Ұлттық ғарыш агенттігі (НАСА), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі агенттік, Ұлттық ғылыми қор болып табылады.

Төменгі мемлекеттік немесе институционалдық деңгейде мемлекеттік немесе аралас (жеке-мемлекеттік) зертханаларда тікелей ғылыми зерттеулер жүргізіледі және бағдарламаларды ағымдағы, жедел орындау жүзеге асырылады [4].

АҚШ, Ұлыбритания және Жапония елдеріндегі инновациялық үдерісті басқарудың ұйымдық құрылымы ұқсас. Ол 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Шет елдердегі инновациялық үдерісті басқарудың ұйымдық құрылымы

Мемлекет	Инновациялық үдерісті басқарудың ұйымдық құрылымы
АҚШ	университеттер мен колледждер, мемлекеттік ҒЗИ мен зертханалар, тапсырыс бойынша жұмыс істейтін жеке ҒЗИ, ғылыми орталықтар, өнеркәсіптік зертханалар (ҒЗИ), коммерциялық емес корпорациялар, ғылыми-өндірістік кешендер (уақытша), принципті жаңа инновациялық жобаларды бірлесіп іске асыру үшін зерттеу консорциумдары
Ұлыбритания	университеттер мен политехникалық институттар, мемлекеттік ҒЗИ мен зертханалар (салалық), зерттеу қауымдастықтары, тапсырыс бойынша жұмыс істейтін ҒЗИ, корпорациялар мен фирмалардың зертханалары.
Жапония	сыртқы сауда және өнеркәсіп министрлігі, Ғылым және техника жөніндегі басқарма, Ұлттық қорғаныс басқармасы, Білім министрлігі, Қаржы министрлігі, Ғылым істері жөніндегі кеңес.
Ескерту: автормен мәліметтер негізінде құрастырылған [5]	


Ұлыбританияда инновациялық қызметтің басқару құрылымы мен ұйымдастырушылық нысандары АҚШ-пен ұқсас. Бұл ретте айырмашылық ұйымдастырушылық нысандар құрылымында және олардың кейбір функцияларында ғана бар. Егер АҚШ-қа коммерциялық емес корпорациялар мен зерттеу консорциумдары тән болса, онда Ұлыбританияда өнім салалары немесе түрлері бойынша зерттеу қауымдастықтары дамыған, мысалы, Британдық керамикалық зерттеу қауымдастығы және өнертапқыштарға өнертабыстарды (жаңалықтарды) тиімді пайдалануда көмек көрсететін және жекелеген инновациялық жобаларды орындайтын Ұлттық ғылыми зерттеулерді дамыту корпорациясы.

Инновациялық қызметті мемлекеттік басқаруда көшбасшы елдерде қаржылық қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, АҚШ-та шағын фирмалардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын мемлекеттік қаржыландыру туралы заң

әрекет етеді. Заң шеңберінде мемлекеттік министрліктер мен ведомстволар жыл сайын өз бюджетінен ҒЗТКЖ-ын жүргізуге фирмаларға қаржылық қолдауды жүзеге асыруға міндетті [6].

Дамыған елдерде мемлекеттік бюджет ұлттық ғылыми, инновациялық шығындардың 20-дан 50% -ына дейін көтереді. Мемлекеттік шығыстардың жалпы сомасындағы зерттеу жұмыстары мен инновациялық әзірлемелерге жұмсалған шығындар үлесі аз, бірақ соңғы 20 жылда жеткілікті тұрақты. Ол АҚШ – та 6-7%, ГФР – да, Францияда, Ұлыбританияда және Италияда 4-5%, Жапонияда 3-5% құрады.

Инновациялық қызметті қаржыландыру ауқымының маңызды көрсеткіші жалпы ішкі өнімдегі ҒЗТКЖ-ға арналған шығыстардың үлесі болып табылады. Ол 1-суретте бейнеленген.



Сурет 1 ЖІӨ-дегі ҒЗТКЖ-ға арналған шығыстардың үлесі (%)  
Ескерту: автормен мәліметтер негізінде құрастырылған [7]

Суреттегі мәліметтер бұл көрсеткіш Оңтүстік Корея мемлекетінде 4,6%, Жапонияда 3,28%, Швецияда 3%, АҚШ-та 2,8%, Финляндияда 2,3%, Нидерланды 1,9%, Канадада 1,55%, Ресейде 1,13%-ды көрсетеді. Ал Қазақстанда ол небәрі 0,14%-ға тең. Яғни бұл елдегі кәсіпорындардың инновациялық дамуын тежеуші факторлардың бірі болып есептеледі.

Инновациялық әзірлемелерді қаржыландыру көздері жеке және мемлекеттік сектор болып табылады. Жеке сектор экономикалық дамыған елдерде ҒЗТКЖ-ны қаржыландырудың басты көзі болып табылады. Оның үлесіне АҚШ-та, Жапонияда, Германия мен Францияда ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелерді қаржыландырудың жалпы көлемінің 48-72% тиесілі.

Жеке секторда ғылыми зерттеулер мен инновациялық әзірлемелердің жалпы көлемінің 60-тан 75%-ға дейін жүргізіледі, оның ішінде қолданбалы зерттеулердің 70%-дан астамы және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың 90%-ы қаржыландырылады және орындалады. Жеке сектор жүргізетін іргелі зерттеулердің үлесі шамамен 4%-ды құрайды [7].

Инновациялық үдерісті басқару саласындағы шетелдік тәжірибені талдау инновациялық саясаттың негіздері мен инновациялық тетіктің негізгі элементтері салыстырмалы елдер бойынша қағидаттық тұрғыдан ерекшеленбейтінін көрсетеді. Ал Қазақстанмен салыстырғанда бірқатар айырмашылықты байқауға болады. Атап айтқанда, инновацияларды қаржыландыру әдістері мен рәсімдерінде және инновациялық заңнамада айырмашылықтар бар. Яғни, қалыптасқан жағдайды талдау Қазақстанға инновациялық қызметті жандандыру қажеттігін көрсетіп отыр.

Сондықтан мемлекет мынадай элементтерді қамтитын инновациялық процестерді ынталандырудың жанама әдістерін көбінесе белсенді пайдалануы қажет:

- ҒЗТКЖ-ға шығындарды есептен шығару кезінде инвестициялық салықтық жеңілдіктер, көлемдік жеңілдіктер беру арқылы салықтық реттеуді дамыту;

- Инновациялық инфрақұрылымды: өнеркәсіптік-инновациялық кластерлерді, технополис қалаларды, инновациялық делдалдар институттарын, ғылыми зерттеулерді коммерциялық іске асыру мәселелері жөніндегі орталықтарды құру, дамыту;
- Инновациялық белсенділікті құқықтық реттеуді жетілдіру;
- Венчурлік инвестициялауды ынталандыру;
- Сонымен қатар республикалық бюджетте ғылыми-технологиялық дамуға жыл сайынғы қаражатты ұлғайтуды және оны ЖІӨ-ден 2%-ға дейін жеткізуді көздеу қажет.

Еліміздің инновациялық дамуының негізгі тетігі республикалық мақсатты бағдарламалар болып есептеледі. Алайда оларды жасау кезінде дамыған елдердің тәжірибесін ескеру қажет, ол мақсаттардың оларды іске асыру үшін бөлінетін ресурстар көлеміне сәйкес келмеуі, әдетте, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізбеуге әкеп соқтыратынын көрсетеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Балдина Н.П. Инновациялық экономиканы қалыптастырудағы мемлекеттің рөлі (халықаралық салыстырулар) / Н.П.Балдина // Инновациялық бизнес моделі: инновация мен экономикалық өсуді қолдану мотивациясы. - Новосибирск, 2012. -- 187 - 201 б.
2. Кудина О.В. Корпорациялардың инновациялық қызметін ынталандыру: әлемдік тәжірибе / О. В. Кудина, Е. Н. Аметова // Инновациялық технологияларды ғылыми зерттеулерде қолдану: III Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдар негізінде мақалалар жинағы (22 желтоқсан 2011 ж.). - Курск, 2011. - Б. 236 - 240.
3. Макашева Н.П. Государственная поддержка и финансирование инновационной деятельности в России и странах мира // Вестник Томского государственного университета. Экономика. 2013. № 3 (23). – Б. 161–172
4. Сычев И. АҚШ-тың инновациялық жүйесі: сәттілік үшбұрышы [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://integral-russia.ru/2017/07/31/innovatsionnaya-sistema-ssh-treugolnik-uspeha/> (дата обращения 23.03.2019).
5. Садриев А.Р., Кузьмин М.С. Жаңа технологиялық тәртіпті қалыптастыру жағдайында отандық экономиканың инновациялық дамуын мемлекеттік қолдау бағыттары // Инновациялық экономикаға көшу және жаңғырту мәселелері. – Казань, 2016. – Б. 20-24.
6. Петровский А.Б., Проницкий С.В. АҚШ-тың ұлттық инновациялық жүйесі: сипаттамалары, ерекшеліктері, даму жолдары // Научные ведомости БелГУ. Сер. Экономика. Информатика. 2018. №2 (45) – Б.343–352.
7. <https://ru.unesco.org/> – ЮНЕСКО ұйымының ресми сайты.